



Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

# QAZAQ

# UNIVERSITETI

Апталық  
1948 жылдың  
20 сәуірінен шыға  
бастады

№20 (1802)  
15 мамыр  
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU\_FARABI

## Бірлесе жұмыс істеуге ниетті

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығының Басқарма төрағасы Болат Сәрсенбаевты қабылдады.



Тараптар мәдениеттер мен өркениеттердің рухани бірлігі мәселелерін талқылай келе, өзара ынтымақтастық туралы келісімге келді.

Сондай-ақ жүздесуге Н.Назарбаев орталығы негізінде жұмыс істейтін Діни ахуалды талдау және діни сараптама институ-

тының басшысы Ержан Байбол қатысты.

Ынтымақтастық аясында діни зерттеулер бойынша өзара ақпарат алмасу, орталықта студенттердің тәжірибеден өтуі сынды мәселелер талқыланды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өз facebook парақшасында жаңа оқу жылында жоғары оқу орындарында магистратура мен докторантураға түсудің жаңа ережелерін ұсынды.

## АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ – НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТ



### ДОКТОРАНТУРАҒА ҚАБЫЛДАУ

Биыл докторантураға түсу емтихандары да ҰБТ-ға қойылған талаптар негізінде және Ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізілген пункттерде өтеді.

Бұл бізге «ректорлар тізімі» деген алыпқашпа сөзді және осындай тәуекелдерді ұмытып, докторантураға ең мықты және лайықты үміткерлердің оқуға түсуіне тиісті жағдай жасауға мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Әссені және басқа да тапсырмаларды компьютерлер мен бейнекамералардың алдында отырып жазатын болады.

### МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУ

Өткен жылы біз магистратураға түсушілердің емтихандарын пилоттық режимде электрондық форматта қабылдадық. Оқуға түскен азаматтар емтиханның, расында да, әділ түрде өткенін айтып жатыр. Биыл бұл жұмыс жалғасын табады. Бұдан былай магистратураның емтихандары осы форматта өтеді.

Министр болып тағайындалғаннан кейін бірден педагогтерге арналған Ұлттық біліктілік тестілеуді қағаз форматынан электрондық форматқа көшіргеніміз естеріңізде болар. Осыған байланысты тестілеуді жақсы тапсырған адамдардың саны бірден бірнеше есе қысқарғанына қарамастан, бұл жүйе сыбайлас жемқорлық пен көшіріп алу тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік берді. Бұл бағыттағы жұмыстың әлі де жетілдірілетін тұстары бар екенін білеміз. Осылайша олимпиадаларды, ҰБТ-ны ұйымдастырудан бастап, магистратура мен докторантураға түскенге дейінгі барлық процесті электрондық форматқа көшірдік. Осындай жаңашылдықтар арқылы әділдік пен ашықтыққа бағытталған бастамаларымызды жүзеге асырып жатырмыз. Ашықтықты және нақты бәсекелестікті қамтамасыз ете отырып, білім беру жүйесіне деген сенімді де арттырамыз.

Әділдік, ашықтық, академиялық адалдық – бұл біздің жұмысымыздағы негізгі қағидастар.

## Заманауи теннис орталығы ашылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің спорт кешенінде «Жан досым» атты заманауи теннис орталығы ашылды.

Соңғы үлгідегі жабық орталықта алты корт және 165 көрерменге арналған трибуна бар. Аландар төсеніші Халықаралық теннис федерациясы бекіткен әлемдік талаптарға сай келеді.



федерациясының вице-президенті Юрий Польских, жоба инвесторы Ерлан Қожасбай, кәсіпкер Арманжан Байтасов қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

ҚазҰУ басшысы Қазақстанның Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың көптеген

спорт түрлерімен, соның ішінде тенниспен белсенді айналысқанын атап өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылы ішінде спорт саласына, соның ішінде теннис ойынының дамуына ұдайы көңіл бөлгеніне тоқталды.

Жалғасы 2-бетте



Базбек ДАВЛЕТОВ:

С радостью принял приглашение КазНУ

3



Жас ғалымдардың әлеуеті жоғары

5



ҚазҰУ-дың Жерді қашықтықтан зондтау орталығы

тісті құрылымдар мен өңір басшыларына көмек көрсетуге дайын

6



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев олимпиада чемпионы Дмитрий Баландинмен жүздесті.

## ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫМЕН КЕЗДЕСУ



түлеп ұшқан білім ордасына ат басын бұрып, алдағы жоспарларымен бөлісті.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев бірлесе атқаратын жұмыстар жайлы әңгіме өрбітіп, спорт шеберіне шетелде жинаған тәлім-тәжірибесін университет қабырғасында қолдану туралы ұсыныс айтты.

Өз кезегінде жүзу спортының шебері өз атындағы бассейнге арнайы жаттықтырушылар шақырып, болашақ олимпиада жүлдегерлерін дайындауға және Баландин мектебін қалыптастыруға ниетті екенін жеткізді.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

2016 жылы Рио-де-Жанейрода өткен XXXI олимпиада ойындарының жеңімпазы өзі

## Заманауи теннис орталығы ашылды



Соңы. Басы 1-бетте

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев үстел теннисімен кәсіби тұрғыда айналысып, оқушы кезінде спорт шеберіне үміткер болғанын мысалға алды. Қазақстанның үстел теннисі федерациясын 13 жыл басқарғанын айта келе, спорттық инфрақұрылымды дамыту президент тапсырмаларының басым бағыттарының бірі екенін еске салды.

Сонымен қатар елімізде дамып келе жатқан спорт түрімен жыл он екі ай айналысуына мүмкіндік беретін жаңа теннис орталығын студенттер үшін зор мүмкіндік алаңы деп бағалап, мұнда жаттығатын жастардың әлемдік деңгейдегі спортшыларға айналғанына сенім білдірді.

«Жан досым» теннис клубының президенті осыдан 30 жыл бұрын теннисті бастаған кездегі саябақтарда ойнаған естеліктерімен бөлісті. Кейін ҚазҰУ қалашығына жаттығуға ауысып, уақыт өте келе заманға сай теннис орталығын салу идеясы туындаған. Ол игі істі қолдаған университет басшылығы мен демеушілерге ризашылығын

жеткізіп, елімізде бұқаралық спорттың өркендеуіне тілек-тестік білдірді.

Орталық аумағында ҚР теннис федерациясының қолдауымен 300 орындық балалар теннис мектебі ашылмақ. Бұл жайлы жиында спорт жанашыры, кәсіпкер Ерлан Сәдуақасұлы хабарлап, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балалар үшін орталықтың қолжетімді болуы қамтамасыз етілетінін жеткізді.

Жаңа нысанда кәсіби және әуесқой тенниспен айналысу үшін барлық жағдай жасалған: жаттығу залы, медициналық қызмет, киім ауыстыратын және жуынатын бөлмелер, дәмхана мен спорт дүкені, ондағы санитарлық талаптардың сақталуы жайы да қарастырылған.

Аталған спорт кешенінің құрылысына жеке инвестордың демеуімен 485 млн теңге қаржы жұмсалды.

Әсем табиғат құшағындағы нысанның кәсіби спортшылардың ғана емес, жастар мен қала тұрғындарының спортпен тұрақты шұғылданатын сүйікті мекеніне айналғаны даусыз.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қабырғасында көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі Мұхамеджан Тынышбаевтың ұлы – ғалым, Башқұртстан Республикасының ғылымы мен техникасына еңбек сіңірген қайраткері Дәулет Шейх-Әли-Тынышбаевпен кездесу өтті. Мәртебелі мейманды білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев қарсы алып, 90 жылдық мерейтойымен құттықтады.

## ТЕКТИНІҢ ТҰЯҒЫ ҚАРАШАҢҮІРАҚТА ҚОНАҚТА БОЛДЫ



Тарихи тұлғаның ұлт алдындағы жанкешті еңбегін айта келе, ректор қазақстан шыққан тұңғыш теміржол қатынастарының инженері Мұхамеджан Тынышбаевтың есімі ел тарихында алтын әріптермен жазылғанын атап өтті.

Дәулет Шейх-Әли-Тынышбаев әке рухына тағзым ету үшін туған жері Жетісуға жиі ат басын бұратынын жеткізді.

12 мамыр күні бірегей тұлғаның туғанына 142 жыл толды. ЖОО басшысы Мұхамеджан Тынышбаевтың 150 жылдығы елімізде еш талассыз, жоғары деңгейде және кең көлемде аталып өтетініне сенім білдірді.

Әке нұсқауымен анасы жағынан туыс Дәулет Мұхамеджанұлы өзінің өмір жолы жайлы айтып, Воронеж облысында айдауда болған ауыр жылдар жайлы естеліктерімен бөлісті. 1931 жылы өмір есігін ашқан қария әкесімен өткен жарқын сәттерді, оған орыс тілін үйретіп, инженер болатынына сенім артқанын сағынышпен еске алды. «Менің анам әкемді аман алып қалу үшін қолындағы барын азық-түлікке ауыстырып отырды. Бұл қиын заман еді. Біз Уфаға жиі барып, кейін анамның туыстарын паналадық. Мен бала кезімнен аэромодельдерді құрастырып,

Башқұртстанда өткен жарыстарда жүлделі орындарға ие болдым. Бұл менің техникалық мамандықты таңдауыма түрткі болды. Осылайша техникалық институтты бітіріп, мұнай саласында жарты ғасырдай жұмыс істедім және техникалық



ғылымдар бойынша докторлық диссертация қорғадым», – деді ол.

Айта кетсек, Дәулет Шейх-Әли-Тынышбаев Қазақстанның көптеген жоғары оқу орындарында дәріс берген. Балалары мен немерелері қазір АҚШ-та жұмыс істейді. Соңғы екі жылда ғалымның өзі де АҚШ-та аялдаған. Ақсақал, негізінен, Уфада (Башқұртстан) тұрады.

Кездесу соңында 90 жасқа толған қарияның иығына шапан жабылып, сый-құрмет көрсетілді.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

## ЖАҢА ТАЛАПТАРҒА САЙ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ЕНГІЗІЛЕДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде кезекті ректорат отырысы онлайн өтті. Жиында академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі – проректор Фатима Жақыпова хабарлама жасап, жазғы емтихан сессиясының барысы туралы баяндады.

Жазғы емтихандар оқу орнының 16 факультеті мен Әл-Фараби бизнес-мектебінде 10 мамырда басталды. Фатима Нәдірқызы емтихан қарсаңында онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету, IT-платформаларға жүктемені біркелкі бөлу, «Универ» жүйесіне емтихан тапсырмаларын жүктеу және сараптау жұмыстары өз деңгейінде атқарылғанын жеткізді. «Білім алушылардың емтихан тапсыруға қатысты барлық рәсімдері оңтайландырылды және электрондық форматқа ауыстырылды. Факультет декандары және құрылымдық басқарма басшыларымен кеңесе келе, сессияны ұйымдастыру үдерісін автоматтандыру туралы ортақ шешім қабылданды», – деді проректор. Емтихандарды өткізуді бақылау барысы да орталықтандырылып, нәтижені есептеу жүйесін автоматтандыру көзделіп отыр.

Келесі кезекте сөз алған әлеуметтік даму жөніндегі проректордың м.а. Әлия Мәсәлімова университетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарының үздіксіз жүр-

гізіліп келе жатқанын айтты. «Бұл білім ордасының кешенді қызметінің бір қыры және қашықтан оқыту кезінде де жіті назарда», – дей келе, Ә.Мәсәлімова «Жемқорлықтан ада университет» жобасы бойынша атқарылған шаралар жайлы жан-жақты ақпарат берді.

Мұндағы мақсат – жемқорлыққа төзгісіз әлеуметтік ортаны қалыптастыру. Ол үшін университет жаңа талаптарға сай басқару жүйесін енгізіп, ашық ақпараттық саясат ұстанады. Оқу жүйесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологияларды енгізу де адами факторлардың алдын алмақ.

Оқу орнының Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі уәкілі ретінде Әлия Рымғазықызы ұжымдағы және студенттер арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ахуалды жоғары бағалайтынын жеткізді. Ол әлеуметтік сауалнаманың оң нәтижелерімен бөлісе отырып, өз тұжырымын нықтады.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев жиында маман даярлау сапасын арт-

тыру университет қызметінің негізгі мақсаты екенін баса айтты. Сол себептен сабақ беру сапасын арттыру және білім деңгейінің шынайы бағалануын қамтамасыз ету аса маңызды. Сонымен қатар ректор куратор-эдвайзерлерге қойылатын талаптарға тоқталып, факультет басшыларына бұл жұмысты үнемі бақылауда ұстауды тапсырды. ҚазҰУ-да халықаралық деңгейдегі білікті мамандар жұмыс істеу керектігін айтқан басшы оқытушыларға қарата: «Кәсіби деңгейлеріңізді шыңдап, ғылыми жұмыстарға қосылыңыздар», – деді.

Сондай-ақ ректор шетелдік ғалымдарды тарту, оқу ғимараттарын жөндеу, қажетті техникалық құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету барысымен де таныстырып өтті.

Айта кетсек, бүгінгі таңда тарих, журналистика, филология, заң факультеттері, Экономика және бизнес жоғары мектебі оқу ғимараттарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Университет басшылығының тапсырмасымен жуық арада өзге де оқу корпустарында жөндеу жұмыстары басталмақ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі



Одна из главных задач, поставленных перед ВУЗ-ами нашим правительством – привлечь в казахстанские вузы учёных с мировым именем, в частности, выдающихся соотечественников, проживающих за рубежом, с целью поддержания отечественной науки, образования и высоких технологий, стимулирования притока молодёжи в эту сферу. Известно, что большая часть мировых научных мозгов на сегодня сконцентрирована в США и в ведущих странах Европы. В этих странах были созданы все условия по привлечению и возвращению талантливых иностранных постдоков и аспирантов.

В свою очередь КазНУ им. аль-Фараби по примеру лучших зарубежных университетов сегодня занимается созданием условий для научного партнерства. Так, кафедра биофизики, биомедицины и нейронауки КазНУ им. Аль-Фараби установила связь и обсудила возможности дальнейшего сотрудничества с известным в нейробиологии ученым Базбеком Абубакировичем Давлетовым, профессором Шеффилдского университета, почетным ученым-нейробиологом Англии. Кафедра – первая в стране и во всем центрально-азиатском регионе открывает новую специальность «Нейронаука». Это дает возможность развивать данное научное направление совместно с выдающимся и всемирно-известным ученым-нейробиологом, профессором Б.А.Давлетовым. Он является создателем ряда новых уникальных технологий в молекулярной области и нейробиологии. В частности, в области развития новых лекарств-анальгетиков с длительным эффектом с использованием SNAP 25 протеазы к избранным молчащим типам нейронов, снижения боли с использованием ботокса. Доктор биохимии, профессор, заведующий лабораторией молекулярной биологии Кембриджского Центрального института Базбек Давлетов по приглашению ректора КазНУ Жансеита Туймебаева на днях прилетел из Великобритании в Алматы для обсуждения научного сотрудничества, подготовки совместных научных проектов и осуществления научных консультаций магистрантов и PhD докторантов КазНУ имени Аль-Фараби. Перед отъездом в Кембридж Базбек Давлетов дал эксклюзивное интервью для газеты «Қазақ университеті».

**Базбек ДАВЛЕТОВ**, Почетный ученый-нейробиолог Великобритании, профессор Шеффилдского университета:



# С РАДОСТЬЮ ПРИНЯЛ ПРИГЛАШЕНИЕ КАЗНУ

**– Базбек Абубакирович, начнем с традиционного вопроса, расскажите о себе: где учились, где довелось поработать, как за границей оказались?**

– Родился в городе Бишкеке, в то время Фрунзе назывался. До 7-го класса учился в школе-интернате № 4, а с 8-го класса перешел в СШ № 9, которая тогда считалась одной из лучших школ с физико-математическим уклоном. Участвовал в различных олимпиадах и занимал передовые места по математике, по физике. В итоге меня пригласили в физико-математическую школу при Новосибирском Государственном университете, которая в то время обучала одаренных детей азиатского региона СССР. Там я закончил 10-й класс. Мечтал поступить в МГУ им. Ломоносова, где учился мой отец. У меня уже тогда была конкретная цель – изучать работу мозга. Твердо решил поступить на биологический факультет. В 1980 году приехал в Бишкек, хотел документы сдать на биофак МГУ, но тогда направление давали строго по распределению, мне предложили биохимию, которая меня меньше интересовала. Оказалась биохимия наука новая, инновационная, меня затянула. По окончании МГУ вернулся в Бишкек, где два года проработал в кардиологии М.Миррахимова в биохимической лаборатории, которая сейчас разрослась до размеров института. В 1987 г. вернулся в Москву, на стажировку, а затем, чтобы продолжить свои исследования, поступил в аспирантуру. В это время близился развал Союза, открылась дорога на Запад. Моими работами заинтересовался авторитетный в своей сфере американский профессор в Далласе, штат Техас. Этот человек является крупнейшей величиной в области молекулярных исследований мозга. Он

пригласил меня к себе, в Даллас, где через три года я защитил кандидатскую и за тем докторскую диссертации. Спустя год после защиты меня пригласили в Имперский колледж в Лондоне. Отучившись там еще два года, я подал заявление в Кембриджский Центральный Институт, он называется Медицинский Совет Великобритании по молекулярной биологии с тем, чтобы поступить на должность заведующего лабораторией. Учитывая мои исследования, проведенные до этого, публикации в крупнейших научных изданиях и т.д., меня сразу же взяли, хотя на место претендовало 120 человек. И с тех пор я работаю в этом институте. После нескольких лет испытательного срока мне предоставили пожизненный пост заведующего лабораторией. В этом я увидел больше возможности в перспективе для развития в профессиональной и научной деятельности.

**– Вы в течение 15 лет были руководителем программы лаборатории по молекулярной биологии в Кэмбридже. Расскажите об этом учебном заведении, которому 800 лет.**

– Да, Кембриджский университет один из старейших в мире. Конечно же, в первую очередь, это престиж. Концентрация образованных людей в Кембридже высока, и это обогащает. Институт, в котором я работал называется Медицинским Советом Молекулярной биологии. Здесь самая сильная лаборатория в мире. В стенах нашего института трудились 12 нобелевских лауреатов – именно здесь были открыты ДНК, антитела, протеины. Эти открытия были совершены лишь благодаря тому, что ученым была предоставлена полная свобода. Англичане в институте составляют примерно пятую часть. Большинство нобелевских лауреатов

**Профессор Шеффилдского университета (США), почетный ученый-нейробиолог Кембриджского университета (Англия) Базбек Абубакирович Давлетов родился в 1963 году в городе Фрунзе (Бишкек).**

**В 1980 г. поступил в биохимический факультет МГУ им. Ломоносова, по окончании два года проработал в кардиологии М.Миррахимова в биохимической лаборатории в городе Бишкек. 1987 г. вернулся в Москву, на стажировку, а затем, чтобы продолжить свои исследования, поступил в аспирантуру. В это время близился развал Союза, открылась дорога на Запад. Его работами заинтересовался авторитетный в своей сфере американский профессор в Далласе, штат Техас. В Далласе защитил кандидатскую и докторскую диссертации. Спустя год после защиты приглашен в Имперский колледж в Лондоне. Отучившись там еще два года, в 2004 году переводится в Кембриджский Центральный Институт, который называется Медицинский Совет Великобритании по молекулярной биологии. После нескольких лет испытательного срока ему предоставили пожизненный пост заведующего лабораторией.**

также не были англичанами. Из СНГ я единственный, кто заведовал лабораторией. Главной лабораторией является наша – молекулярной биологии. В ней 5 департаментов нейробиологии, в которой 10 групп. У ученых очень привилегированное положение, поскольку институт набирает самых лучших ученых мира. Большинство же ученых работают по контракту, в жестких условиях. Наша работа – фундаментальные исследования. У меня, например, нет регламентированного рабочего дня, есть полная свобода в исследованиях.

**– Какие научные открытия сделала лаборатория под Вашим началом?**

– Под моим руководством нами было определено, что молекулы SP-BOT and Derm-BOT способны подавить активность болевых нейронов у мышей с хронической болью. Проводились исследования translation-inhibitingenzymes (Tie-s) /тормозных ферментов для лечения онкологии, результаты которых будут использованы для дизайна

новой мультифункциональной терапии, включающей антитела, их фрагменты, ферменты и малые интерферирующие РНК. Нам с коллегами удалось разделить молекулы ботокса на два отдельных строительных блока, чтобы сделать их более безопасными. Затем эти блоки были сведены вместе. Разработанный в Кембридже новый метод обеспечивает очищенные молекулы ботокса, которые позволяют использовать косметическое средство для широких клинических нужд, не опасаясь за его побочный токсический эффект.

**– Что из себя представляет препарат ботокс?**

– В свое время я занимался исследованием токсинов, выделяемых из яда каракурта. Он использовался для изучения нервной передачи. Через много лет моя работа вновь имеет отношение к этой теме, но это уже ботокс, или нейротоксин Clostridium botulinum. Многим он известен, как минералогический токсин, вызывающий расслабление нервов. Ботокс больше известен как косметоло-

гическое средство для устранения морщин. В медицине Ботокс начали применять лет 20 назад. Его сначала использовали в лечении косоглазия, начали вкалывать в область глаз – разгладились морщины на лбу, теперь стали использовать в косметических целях. Начали вкалывать в лоб – исчезла мигрень. Наш усовершенствованный ботокс может быть использован для снятия спазмов, например при болезни Паркинсона, при церебральном параличе, различных неврологических заболеваниях. Мы запатентовали ботокс с измененным строением молекул, который можно использовать для решения такой актуальной в современной медицине проблемы, как лечение хронической боли. При чем сила полного обезболивающего укола хватает на 5 месяцев. В западном обществе 12 процентов населения страдают от радикулита, мигрени, им приходится употреблять морфин или опиаты. Мы предложили препараты более безопасные, на долгое время избавляющие от боли с меньшим ущербом для организма. Следует заметить, что новые разработки стали возможными благодаря неограниченному финансированию исследований.

**– Будучи еще студентом у вас была конкретная цель – изучать работу мозга...**

– Моя лаборатория изучает молекулярную работу мозга. Есть молекулы, в которых информация передается от одной клетки к другой. И мы изучаем каким образом происходит эта передача. Когда полностью будут определены вот эти молекулярные основы передачи, тогда можно будет сделать так, чтобы сам компьютер тоже мог думать, чтобы он мог самостоятельно ориентироваться и принимать решения. Всего же в мозге человека около 10 000 видов молекул. Есть лаборатории, которые занимаются другими молекулами. В будущем, объединив эти знания, мы сможем понять, как в целом оперирует мозг. Больше всего денег вкладывается в то, чтобы человек как можно дольше прожил в здравом уме. В первую очередь это исследование старческих болезней мозга.



**Базбек ДАВЛЕТОВ**, Почетный ученый-нейробиолог Великобритании, профессор Шеффилдского университета:

## С РАДОСТЬЮ ПРИНЯЛ ПРИГЛАШЕНИЕ КАЗНУ

(Начало на 3-й стр.)

Дело в том, что большая часть пожилых людей — 80% здоровы и только у 20% людей появляются болезни старости. Это означает, что их можно вылечить.

**– Над какой проблемой вы сейчас работаете?**

– Мне предложили работу в Шеффилдском университете профессором, руководителем отделения биомедицинских наук. Я согласился поехать туда развивать свои новые препараты для хронических болей. Сейчас идет активное сотрудничество с университетом США, с его помощью дорабатываем препараты хронических болей. Сейчас в Америке идет опиоидный кризис. Там сильную боль в основном снимают морфином, в

итоге у них пошла большая наркозависимость. Поэтому они заинтересованы в моих препаратах.

**– Базбек Абубакирович, почему Вы выбрали для научного сотрудничества именно КазНУ имени аль-Фараби?**

– КазНУ им. Аль-Фараби – ведущий университет в Центральной Азии. Он тесно сотрудничает с ведущими мировыми вузами и трансформируется в исследовательский университет. На мой взгляд, здесь много перспективных, инновационных идей. Именно с такими новшествами я готов работать и сотрудничать в области подготовки специалистов по нейронауке, делиться опытом. У нас обширные планы работы, включающей: совместную подготовку докто-

ров PhD по актуальным направлениям, руководство докторскими диссертациями, содействие в обмене студентами, стажировке магистрантов и докторантов в университетах Шеффилда, Кембриджа, подготовка совместных научных проектов на грантовое финансирование в области нейронауки по следующим возможным темам: использование botulinum molecules для исследования эпилепсии; использование новых блокаторов нервной системы для изучения когнитивных функций в норме и патологии; изучение ФМРТ активности мозга при хронических болях у детей и взрослых и использовании новых средств обезболивания с использованием молекул botulinum; ЭКОГ активности гиппокампа при обучении у крыс при воздействии botulinum mol-



ecules на target-зоны мозга и др. Совместные работы, которые предлагает КазНУ, я думаю, приемлемы.

**– И последний вопрос, каковы будут Ваши пожелания нашим молодым ученым, студентам?**

– По своему опыту могу сказать, ваша цель – брать то, что дают, там, где есть возможность проявите себя, добивайтесь успеха!

**– Спасибо!**

**Беседовал  
Каиржан ТУРЕЖАНОВ**

## РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАСИХАТТАЛДЫ

Философия және саясаттану факультетінде «Айналады нұрландыр» жобасы аясында «Жастар және дін» атты дөңгелек үстел өтті.

Онлайн тәрбиелік іс-шарада жастар және дін тақырыбына қатысты көкейкесті мәселелер сарапқа салынып, көпшіліктің талқысына түсті. Елімізде жастар мен дін мәселесінде қолға алынып жатқан мемлекеттік шаралар мен жүзеге асырылған істер кеңінен қозғалып, шешімін күткен келеңсіз көріністер де ашық айтылды.

Қазіргі таңда Қазақстанда ислам діні кеңінен қанат жайып, өсіп-өркендеу үстінде. Көптеген мешіт-мдреселер бой көтеріп, жалпы халықтың, соның ішінде жастардың дінге деген қызығушылығы жыл өткен сайын артып келеді. Мешіттер мен басқа да діни мекемелерге баратын жастардың қатары да қалың. Қоғамдағы діни наным-сенімді берік ұстанатындардың басым бөлігі – жастар. Сол себепті дөңгелек үстелге арқау болған тақырып – жастар мен еліміздегі дін мәселесі. Іс-шара А.Болатаева бастаған педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы ұстаздарының бастамашыл болуымен өтті. Жиынның ойдағыдай өтуіне педагогика және психология мамандығының 1-курс магистранты А.Қожаеваның да қосқан үлесі зор.

Тәрбиелік іс-шараның мақсаты – Елбасы жолдауына байланысты ислам дінін насихаттау және оның негізгі шарттарын түсіндіру. Жас ұрпақты, студенттерімізді отансүйгіштікке, патриотизмге, мәдениеттілікке, ата-бабаларымыздың наным-сенімін құрметтеуге, адамгершілік пен имандылыққа баулу, әділдікке, адалдыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Елімізде тұратын өзге де ұлт өкілдерінің озық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына құрметпен қарай отырып, оларға исламның игілікті рухани құндылықтарын түсіндіру және насихаттау.

орталығының дінтанушы маманы Бекарыс Нұртіллә, Еуразия ұлттық университетінің 1-курс магистранты Арулан Қуатов, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің түлегі Қанат Сапарниязов, ҚазҰУ-дың дінтану мамандығының 4-курс студенті Әли Омарқұлдар қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Дөңгелек үстел барысында «Дін және жастар: мәселе өзектілігі және шешу жолдары», «Дін және жастар субмәдениеті», «Дін және тәрбие», «Дін және салт-дәстүр» тақырыптары бойынша баяндамалар жасалып, келелі әңгімелер қозғалып, салмақты да салиқалы ой-пікірлер айтылды.

Сауқ ордасындағы осындай тәрбиелік, әлеуметтік маңызы мол іс-шаралардың негізгі мақсаты – заманауи білім алуға, білікті маман болуға ұмтылған патриот тұлға қалыптастыру. Сондай-ақ діннің ең асыл құндылықтарын өмірлік қағидаға айналдыру да басты назарда. Қазіргі таңда халықтың, соның ішінде жастардың рухани-танымдық тәрбиесін, діни сауаттылығын арттыру көкейкесті мәселеге айналып отырғаны даусыз. Қоғамның діни өмірінің тенденциясы мен ахуалын барынша жете сезініп, оның мән-маңызын жастарға ұғындырып отыру қажет.

Кез келген мемлекеттің болашағы мен кемелденуі жас ұрпақтың болмысы мен санасына, мәдени дамуына, тәжірибесі мен білім-білігіне сай қалыптасатыны талас тудырмаса керек. Сондықтан жастардың жаңа заманға сай діни білімін көтеріп, дәстүрлі құндылықтарды сақтау және оны ертеңгі күнге шып-шырғасын шығармай жеткізу бүгінгі күннің басты мәселесі екені баса айтылды. Дөңгелек үстел осындай айшықты һәм тағылымдық ой-пікірлермен қорытындыланды.

**С.РАМАЗАНОВА,**

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасында мамандарға «ақпаратты талдау дағдылары мен креативті ойлаудың дамуына екіпін қойып, цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне жауап беруі қажет» деген талап қойылған. Демек, сандық технологиялардың тізгінін ұстаған қызметкер де soft skills аталатын икемді дағдыларының негізгі қасиеттерін бойына сіңіруі тиіс.

Сұранысқа ие мамандардың IT-біліктілігін қалыптастыруда білім беру бағдарламасының маңызы мен жауапкершілігі жоғары. Оның мазмұны еңбек нарығы талап ететін құзыреттіліктерге ие жаңа мамандарды қалыптастыруды көздейді. Оның ішінде аналитикалық және логикалық қабілеттілігі мен көшбасшылық, ұйымдастыру, тәуекелділік, тосын шешім қабылдау секілді икемді дағдылар да бар.

Осындай игі шараларды атқаруда университетіміздің Ақпараттық жүйелер кафедрасында оқытылатын білім беру бағдарламалары: «Ақпараттық жүйелер», «Өндірістік ақпарат жүйелері», Research and development, «Жасанды интеллектісі бар жоғарғы жүктелген ақпараттық жүйелер», «Программалық жобаларды басқару» (қос дипломдық), «Есептеуіш лингвистика» және «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін» атап айтуға болады. Олардың мазмұны цифрлық нарық талап ететін қазіргі құзыреттіліктерді қалыптастыруға толықтай бағытталған.

Мысалы, доцент А.Бедельбаев өңдеген «Жасанды интеллектісі бар жоғарғы жүктелген ақпараттық жүйе» білім беру бағдарламасының ерекшелігі – білім беру үрдісінің үш деңгейін де қамтиды. Бірінші деңгейін игерген түлек түрлі бағдарламалау тілдері мен жасанды интеллект технологияларын меңгереді. Сөйтіп, бағдарламашы-әзірлеуші, жүйелік сәулетші, дерекқор серверінің әкімшісі, IT-сәулетші, бағдарлама әзірлеушілер ко-

## СҰРАНЫСҚА – САЙ, БӘСЕКЕГЕ – ҚАБІЛЕТТІ

мандасының менеджері бола алады.

Магистратураға арналған деңгейінде жасанды интеллекті жоғары өнімді кең спектрде үйреніп шығады. Нәтижесінде жоғары технологиялық қосымшаларды әзірлеуші, жасанды интеллекті жоғары технологиялық қосымшаларды өңдеуші, қарқынды деректер ағындарын өңдеуші-бағдарламашы, үлкен деректермен жұмыс істейтін маман ретінде ғылыми зерттеуші не оқытушы да бола алады.

Оқытудың үшінші деңгейі де осы технологиялармен ұқсас модельдер және модельдеу алгоритмдері қолданылатын экология, климатология, әлеуметтік ғылымдар және т.б. пәндік салаларда жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сол сияқты профессор У.Түкеев өңдеген «Есептеу лингвистикасы» білім беру бағдарламасы да магистрлерді цифрлық нарық талабына сай кәсіби тұлға ретінде даярлауда. Сондай-ақ есептеу лингвистикасы саласындағы теориялар мен технологияларды меңгеріп, аударма технологиясының түрлі сипатымен жұмыс істеуге және аударма жады, машиналық аударма, деректердің терминологиялық қоры, корпоративтік-жазбаша, ауызша және мультимедиялық ресурстар секілді цифрлы тілдік ресурстарды құруға, әртүрлі тілдер арасында параллель және салыстырма-

лы корпусты дайындауға, қазақ тіліндегі мәтіндерден ақпаратты іздеу және интеллектуалды талдай білу қабілеттерін қалыптастыруға атсалысуда.

Кафедрада біршама пәндер цифрлық ортадағы маңызды білім құралдардың бірі – e-learning технологиясына негізделген жаппай ашық онлайн курстарымен аралас оқытуда. Жақында кафедра доценті Б.Бөрібаевтың авторлығымен «Программалауға кіріспе» пәнінен жаппай ашық онлайн курсы жасалды. Бұл – жалпы барлық программалау тілдеріндегі материалдарды меңгеретін алғашқы курстардың бірі. Қазір ол кез келген оқу орнының студенттері үшін қолжетімді болып отыр.

Түлектер өз қызметіндегі техникалық факторларды біліп қана қоймай әрі бизнес-үрдістерді оңтайлы ұйымдастыратын басқарушылар да болуы керек. Сондықтан қазір IT-менеджер бағдарламасы дайындық үстінде. Университетіміздегі Ақпараттық жүйелер кафедрасы ұсынатын осындай білім беру бағдарламалары еңбек нарығында аса жоғары сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті цифрлық мамандық иесі болуға жол ашады. Тіпті ағылшын тілінде де оқу топтары қалыптасқан.

Оқу-әдістемелік құралдар контентінің мазмұнын өңдеуде кафедраның профессор-оқытушылар қауымы да зор үлес қосып, еңбек етуде.

**Қ.БАЙШОЛАНОВА,**  
э.ғ.д., профессор м.а.,  
**К.ҚУБАЕВ,**  
э.ғ.д., профессор



**Қазақстанның Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде: «Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз», – деген сөзі арқылы жас буынды шабыттандырып, нық сеніммен ұлт болашағын жастардың келешегімен түйістіреді. Осы орайда, мемлекет тарапынан жастарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Елбасының жыл сайынғы дәстүрлі жолдауларында жастарды жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Елбасының жастарға әрдайым көңіл бөліп, олардың білім-ғылымын дамытуды көздейтіні де содан. Елбасы өз сөзінде жастардың барлық санатын қолдауға арналған бағдарламалар әзірлеп, ел ертеңі жас өркендерге жан-жақты ізденуіне мүмкіндік беріп, қоғамдағы белсенділігін арттыруды нықтап тапсырған болатын.**

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Жастар жылының жабылуы және Волонтер жылының басталуы рәсіміне арналған шарада сөйлеген сөзінде: «Бүгінгі жастар – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы, мемлекетіміздің мәртебесі», «Ұрпағын аялай білген халық іргелі жұртқа айналатыны белгілі» немесе «Біз халқымызды әлемге танытқан ең асыл қасиеттерді сіздердің бойларыңыздан көргіміз келеді», – деп жастарға сенім артады. Әрине, сол жыл мен жалын Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жастарынан да табылары хақ. Олардың ел тәуелсіздігі мен мемлекет дербестігіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Жастардың зерттеулері мен ғылыми жетістіктері, ашқан жаңалықтары кімді болсын елең еткізбей қоймайды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаев та университетіміздің студенттері мен жас ғалымдарына баса назар аударып, көңіл бөлуі бекер емес.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалалары арқылы елімізді, басқа өркениетті мемлекеттермен салыстыра отырып, тарих сахнасында үздіксіз дамып келе жатқан келешегі кемел мемлекет ретінде дамытуды қадап айтты. Білім мен іскерлік, ұлттық рух пен жігер жастарды мақсат биігіне жеткізеді хақ. Бұл тұрғыда жас ғалымдардың да тәуелсіздігіміздің нығая түсуіне, болашақтың жарқын болуына қосар үлесі мол.

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылы қоғам өміріндегі елеулі әлеуметтік өзгерістерге алып келді. Ауқымды өзгерістер білім беру саласында қамтылды. Білім беру жүйесінің Болон жүйесіне кіруі қазақстандық жас мамандардың әлемдік деңгейде ғылыми процестерге қатысуына жол ашты. Қазіргі кезде инновациялардың, IT технологиялардың жедел қарқында дамуы мен Қазақстан экономикасының өркендеуі жастардың ғылыми зерттеулерге тікелей қатысуына байланысты. Бәсекелестіктің 2018 жылғы Жаһандық индексі бойынша Қазақстан 140 елдің ішінде 59-шы орын, білімнің даму индексі бойынша 40-шы, жастардың дамуы бойынша 61-ші орын алады.

Білім және ғылым саласында жұмыс істейтін жастар ерекше әлеуметтік-кәсіби топ болып саналады. Бір жағынан, бұл топтың қасиеттері мен белгілері жалпы жастарға тән бағыттарды бейнелейді, екінші жағынан, олар ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметпен, яғни интеллектуалдық қызметпен айналысатын кәсіби қауымдастық. ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңында жас ғалым білім беру және ғылыми мекемелердің қызметкері ретінде анықтала отырып, жас мөлшері де көрсетілген. Ғылым докторы – 40 жас, ғылым кандидаты – 35 жас, ғылыми атағы жоқ, аспирант – 30 жас. Қазіргі кезде «Ғылыми ұйымдар мен ҚР жоғары оқу орындарындағы жас



## ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

ғалымдар кеңесі туралы қаулыда» жас ғалым санатына 35 жасқа толмаған ғылыми қызметкерлер, ізденушілер, аспиранттар мен докторанттар, ғылыми қызметпен айналысатын ЖОО оқытушылары кіреді.

Тәуелсіздік жылдарында жас ғалымдарға тән сипатты белгілер қалыптасты. Біріншіден, жеке дамуға келетін болсақ, олар: жас ғалымдардың өз білімін қосымша толықтыру, ішкі ресурстарын жұмылдыру, өмірлік стратегиясын құру, жоғары коммуникативтік деңгейін дамыту. Сонымен қатар командада серіктестік қатынаста жұмыс істеу, басқа мәдениет, мамандық, дін иелеріне құрметпен қарау да жас ғалымдарға тән. Екіншіден, жас ғалымдар ана тілін және шет тілдерді білумен, ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларымен де ерекшеленеді. Атап айтқанда, жаңа ақпараттық технологияларды қолдау, құжаттармен жұмыс істеу, оларды реттеу және топтастыру, үлгілеу және есептеу құралдарын пайдалана білу – уақыт талабы.

Қазіргі жас маманның бойында «Қазақстан – 2030» стратегиясында аталғандай, патриотизм, білімге, жаңалыққа құштарлық, ашықтық пен бәсекеге төзімділік сияқты қасиеттер де айқын көрінеді. Қазіргі кезде білім, әсіресе сапалы кәсіби білім тек әлеуметтік категория емес, экономикалық категорияға айналды. Қазақстан жас ғалымдары жеке тұлғалық ерекшеліктерімен де, кәсіби деңгейі-

лерімен де, психологиялық, физикалық қасиеттерімен де сипатталады.

Қазақстанда ғылым саласында 21 782 адам қызмет істейді. Олардың ішінде 35 жасқа дейінгі жас ғалымдардың үлесі 34 пайызды құрайды. Доктор PhD-лердің ғылыми жобаға қа-

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-ДЫҢ РЕКТОРЫ ЖАНСЕЙІТ ТҮЙМЕБАЕВ ТА ӨЗИНІҢ ҚЫЗМЕТІН ЖАС ҒАЛЫМДАРМЕН КЕЗДЕСУДЕН БАСТАЙ ОТЫРЫП, ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ, АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰНДЫ ЕКЕНІНЕ КӨҢІЛ АУДАРДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА УНИВЕРСИТЕТІМІЗДЕ 300-ДЕН АСА ЖАС ҒАЛЫМ ЕҢБЕК ЕТУДЕ. ОЛАРДЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ ӘЛЕМНІҢ ЖЕТЕКШІ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕН ОРТАЛЫҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛЫП, ҒЫЛЫМИ ТӘЖІРИБЕДЕН ӨТКЕН. БИЫЛ УНИВЕРСИТЕТТІҢ ЖАС ҒАЛЫМДАРЫ ГРАНТТЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ НЕГІЗІНДЕ 60-ҚА ЖУЫҚ ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА. БҰЛ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ӘЛЕУЕТІН КӨРСЕТЕДІ.**

тысуы 2014 жылы 330 болса, қазіргі кезде шамамен 850-ге жетті. Сонымен қатар жас ғалымдарға арналған ғылыми жобалар саны да артуда. Мемлекет тарапынан қаржыландырылған жобалар жас ғалымдардың ізденістерін сапалы жүргізуге мүмкіндік береді.

Еліміздің Тұңғыш президенті – Елбасы Н.Назарбаев, ҚР президенті Қ.Тоқаев ғылымның дамуына және ғалымдарды қолдауға тұрақты көңіл бөле отырып, қай елдің де мақсаты жас буынның шығармашылық және ғылыми бастамаларына барлық жағдайды жасау екеніне баса мән беруде. Елімізде жас-

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Жансейіт Түймебаев та өзінің қызметін жас ғалымдармен кездесуден бастай отырып, интеллектуалдық, адами капиталдың құнды екеніне көңіл аударды.

Қазіргі таңда университетімізде 300-ден аса жас ғалым еңбек етуде. Олардың басым көпшілігі әлемнің жетекші жоғары оқу орындары мен орталықтарында білім алып, ғылыми тәжірибеден өткен. Биыл университеттің жас ғалымдары гранттық қаржыландыру негізінде 60-қа жуық жобаны жүзеге асыруда. Бұл жас ғалымдардың жоғары әлеуетін көрсетеді.

**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАЛЫҚ БАЗА ҚАЛЫПТАСТЫ. ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ҚР «ҒЫЛЫМ ТУРАЛЫ», «МЕМЛЕКЕТТІК ЖАСТАР САЯСАТЫ ТУРАЛЫ», «ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ» ЗАҢДАР БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ САЛАСЫН РЕТТЕУДЕ БАСШЫЛЫҚА АЛЫНУДА ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНА ЖАҢА ҚАРҚЫН БЕРУДЕ. ҒЫЛЫМДЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ ҚАЛЫПТАСТЫ. ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ БАЗАЛЫҚ, ГРАНТТЫҚ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ-МАҚСАТТЫ МЕХАНИЗМДЕРІ АЙҚЫНДАЛДЫ.**

тардың ғылыми потенциалын дамыту мемлекеттің білім мен ғылымды дамыту саясатының басты бағыты ретінде анықталған. Жас ғалымдарды даярлау

Мен Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ даярлаған төл түлектерінің бірімін. 1981 жылы тарих факультетін қызыл дипломмен аяқтап, Орал қаласындағы педагогикалық университетте алғашқы еңбек жолын бастадым. Біздің студенттік шағымыз ҚазҰУ қалашығы салынып жатқан кезге тура келді. Біздің университет бітіргенімізге биыл 40 жыл толады, яғни 1976-81 жылғы түлектер болдық. Менің еңбек және ғылыми тұрғыда жеткен биіктерім тікелей университетпен байланысты. Аспирантура, докторантура баспалдақтарынан өту ғылыми жеткен тұғырыма өз әсерін тигізді.

1994 жылдан бері Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында қызмет етемін. Әлеуметтанудың ғылым және мамандық ретінде қалыптасуына атсалысып келемін. Қазақстан әлеуметтанушылары ассоциациясы, Қазақстан әлеуметтік жұмыскерлер ассоциациясының құрылуы тікелей біздің кафедраның бастамасымен жүзеге асты. Кафедра меңгерушісі қызметін де атқардым. Әлеуметтану саласына қатысты 250-ден аса ғылыми еңбегім жарық көрді. Соның ішінде бес монография, 15 оқу құралы, үш сөздік бар. Әсіресе қазақ тілінде жетіспейтін оқу құралдарын дайындауға баса назар аудардым.

Бүгінде екі ғылым кандидатын, төрт ғылым докторын, екі PhD докторын дайындадым. Шәкірттеріміздің өзі бүгінде ғылым докторлары, әлеуметтанудың дамуына зор үлесін қосып отырған ғалымдар. Бүгінде үш PhD докторантқа ғылыми жетекшілік етудемін. Бұның өзі азды-көпті елімізге еткен қызметіміз болар. Әлі де жасайтын, атқаратын жұмыстар реті көп. Осының бәрі Тәуелсіздік саясында болып жатқан үлкен нығмет.

**Мәнсия САДЫРОВА,**  
Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, әлеуметтану ғылымының докторы







В рамках Соглашения о сотрудничестве между вузами магистранты Казахского национального университета имени Аль-Фараби образовательной программы «Международное право» успешно прошли научную стажировку в онлайн-режиме на международно-правовом факультете Всероссийской академии внешней торговли Министерства экономического развития Российской Федерации (ВАВТ Минэкономразвития России).

## НАУЧНАЯ СТАЖИРОВКА МАГИСТРАНТОВ



прохождения стажировки магистранты получили доступ к электронным ресурсам библиотеки российского вуза, учебно-методическим материалам по изучаемым курсам, имели возможность пользоваться научным фондом для сбора дополнительного материала по темам магистерских исследований.

В завершающий день научной стажировки под руководством д.ю.н., доц. кафедры международного права Лифшица И.М. состоялся совместный научный

семинар, посвященный методике научно-исследовательской работы, на котором магистранты выступили с презентациями и обсудили положения магистерских диссертаций. По итогам прохождения стажировки магистранты получили ценный опыт, багаж новых знаний, сертификаты о прохождении стажировки и положительные отзывы научных руководителей.

Обмен педагогическим опытом и знаниями российской и казахстанской школ

международного права между учебными заведениями дает мощный импульс для совершенствования качества подготовки магистрантов, получения новых знаний и открытий в науке. Кафедра международного права Казахского национального университета имени Аль-Фараби выражает благодарность за отличную и плодотворную организацию научной стажировки начальнику международного отдела Всероссийской академии внешней торговли Минэкономразвития РФ Школяр И.Н., заведующему кафедрой международного права д.ю.н., проф. Шумилову В.М., д.ю.н., доц. Лифшицу И.М. и всему профессорско-преподавательскому составу кафедры международного права за подготовку и поддержку магистрантов во время научной стажировки.

Пресс-служба  
КАЗНУ

Кафедра ЮНЕСКО международной журналистики и медиа в обществе организовала V Международную научно-практическую конференцию «Модели обучения международной журналистике в целях устойчивого развития» (МТІҰ).

## МОДЕЛИ ОБУЧЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ



Мероприятие было организовано совместно с Кластерным бюро ЮНЕСКО в Алматы, UNA1 и Институтом по устойчивому развитию имени Пан Ги Мун. Участники конференции обсуждали журналистское образование в период пандемии, говорили о рисках и возможностях дистанционного обучения, об освещении в СМИ целей устойчивого развития. В дискуссии были вовлечены специалисты из США, России, Турции, Украины, Польши, Казахстана и Кыргызстана. В течение пяти часов участники выступали на пяти языках. Из-за существенной разницы во времени некоторые спикеры подключались к конференции ночью. Несмотря на разницу в часовых поясах и на языковое разнообразие, все понимали друг друга, ведь, как выяснилось, многие используют одни и те же платформы и приложения для обучения будущих журналистов-международников.

Стоит отметить, что в виртуальном конференц-зале встретились не только представители профессорско-преподавательского состава нескольких стран, но и журналисты-практики, которые после пленарного заседания провели несколько невероятно полезных мастер-классов для студентов. В лучших традициях демократических встреч на открытии МТІҰ выступили и сами студенты, рассказав, как в разных вузах мира организуют учебный процесс и проживание с учетом новых санитарных требований.

За круглым столом, возможно, впервые в период пандемии собрались представители практически всех казахстанских медиа-организаций: «Әділ сөз», «Media Net», «Мінбер», «Фонда тюрко-язычных журналистов», «Медиа-центра МЗ РК» и Казахстанской коммуникативной ассоциации. По итогам конференции будет выпущен сборник работ участников, в который войдут не только доклады, но и презентации, фотоработы, сценарии роликов и т.п. Сборник непременно заинтересует многих профессионалов медиа-сферы.

На торжественном закрытии мероприятия, оставляя отзывы, почетные гости МТІҰ отметили, что КазНУ им. Аль-Фараби благодаря своим технически и организаторским возможностям способен проводить на своей базе мероприятия мирового уровня.

## СМАРТ ТЕХНОЛОГИЯМЕН ҚАРУЛАНУ – БАТЫСТАНУ ЕМЕС

«Өркендеудің негізгі драйверлері – инновациялар мен білім ошақтары – университеттер. Біз ғылымсыз еліміздің дамуын қамтамасыз ете алмаймыз. Білім беру сапасын жақсарту күн тәртібінен ешқашан түспейді», – деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында атап көрсетілгендей, бүгінгі таңда университеттердің автономды білім беру бағытын айқындауына, ұйымдастыруына көп мән беріліп отыр.



ситеттер қауымдастығын (EUA) құрды. Нидерланд елі 2020 жылға дейінгі даму стратегиясын «Жоғары экономика. Смарт-қоғам» деп атады. Австралия мемлекеті білім саласындағы революция арқылы ең күшті смарт-елге шығу жолында күресіп жатыр. Оңтүстік Корея болса SMART-оқыту = SMART оқытудағы базалық жүйелі шешім мен ұлттық экономикалық бәсекелестікті нығайтудың негізгі әдіс-тәсілін қолдануға көшкен бірден-бір ел. Малайзияда «Смарт-мектептер» (1999-2020) жобасы іске асырылған. Нәтижесінде Малайзия мектептерінің 70 пайызы смарт технологиямен оқып жатыр. Демек, қазір әлемде интеллектуалды смарт «соғысы» жүріп жатыр. Ақылмен және тұрақты даму – бұл интеллектуалды капитал үшін күрес. Әлемде адам капиталы сапасының жоғарылауын қамтамасыз ететін «Ақылды университеттер қауымдастығының» құрылуы заман талабының сұранысы.

Жалпыәлемдік індетке байланысты қашықтан оқыту осы смарт білімді қолдануға жетеледі. Яғни білім беруді кез келген жерде, кез келген уақытта ұйымдастыру мүм-

кіндігі туды. Сындрлы білім берудің негізін қалаған әлемнің ұлы ойшылы әл-Фараби бабамыз «Адамзаттың өркендеп жетілуінің шыңы – ақыл-парасат» деген екен. Әрине, ғұламаның ойы білім берудің мақсаты – тұлғаның адамгершілік және зияткерлік қасиеттерін дамыту және өз міндеттерін жүзеге асыру арқылы адамды бақытқа жетелеу. Олай болса, смарт білім беруде құзыреттілікке және тәжірибеге бағдарланған іс-әрекет жаңа типтегі адам ресурстарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған дейін репродуктивтік тұрғыдан білім беріп келсек, қазіргі жаңа заман ұстанымы конструктивтік білім беруде болып отыр. Ал конструктивтік білім берудің мақсаты – оқытудың болжамды нәтижесіне қол жеткізу. Нәтижеге бағытталатын смарт білім беру – оқытудың тиімділігін арттырып, смарт оқытушының мойнына жаңа міндеттер жүктеді. Бұл ретте қазіргі оқытушы өз мамандығы бойынша жоғары құзыретті болып қана қоймай, ауқымды көлемде басқа да барлық жаңа ақпараттарды игеруі тиіс. Яғни смарт оқыту – интерактивті ортада жүзеге асырылатын әлемдік деңгейдегі қолжетімді контент арқылы білім беру. Демек, SMART оқыту – өзін-өзі басқаратын, жүйелі, икемді, бай ресурстарға негізделген технологиялық оқытудың әдіс-тәсілдерінің жүйесі.

Қазіргі кезде мамандық деген түсінікке де басқаша қарайтын уақыт келді. «Мемлекет – университет – бизнес ынтымақтастығы» атты эконо-

миканың тиімді моделі қолданылғанда ғана сапалы білімге қол жеткізу мүмкін екенін уақыт көрсетіп отыр. Білім беру бағдарламаларының міндеті – әділетті, сапалы қоғам құруға үлес қосу. Сондықтан қазіргідей жаһандану заманында жастардың бәсеке көшінен қалмау үшін ҚазҰУ-да «Әл-Фараби және қазіргі заман», «Смарт филология», «Кәсіпкерлік» атты пәндер оқу үдерісіне енгізіліп, университетіміздің стратегиялық миссиясына, құндылықтарына және стратегиялық мақсатына сәйкес оқытылуда. Сондай-ақ білім алушылар филология факультетінде оқып жүріп-ақ, мажор-минор (double major) бағдарламасында қосымша білім иеленіп, екі мамандық алып шығуына болады. Осыған орай, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына жыл сайын мамандықтар тізімі толықтырылып ұсынылуда.

Смарт технологиямен қарулану деген батыстануды, жаһандануды білдірмесе керек. Мәселе – осы технологияны ұлттық санаға орнықтырып, тілдік санаға бейімдеп пайдалануда, жаһандық идеяны ұлттық негізде жарата білуде. Сондықтан университетіміздің ІТ бағытты дамытып, іргелі ғылыми-техникалық, пилоттық жобаларды іске асырып, осы ХХІ ақылды ғасырда әлемдегі және еліміздегі маңдайалды университеттердің қатарынан көріне беретініне сенімдіміз.

А.ТЫМБОЛОВА,  
Қазақ тілі білімі  
кафедрасының  
профессоры, ф.ғ.д.

А.И.СКРИПНИКОВА,  
ст.преп. каф. ЮНЕСКО,  
МЖ и медиа в обществе, PhD



# Мақтауға лайық мұражай

Әдебиет зерттеуші ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының «Университет – жоғары мәдениеттің жемісі. Ал жоғары мәдениет – адамзаттың ғылым мен техникаға байланысты жеткен барынша биік табыстарының жиынтығы», – деген сөзі бар. Дәл осы сөздің растығына Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мұражайына арнайы бас сұққанда көзіміз жетті. Мұражайдағы әр экспонаттың өзіндік шертер сыры бар. Келуші қонақтар осы экспонаттар арқылы білім ордасының тарихымен танысады.

ЖӘДІГЕР



кітапханасындағы кітап қоры 6000-ға жеткен.

1936 жылы биологиялық факультеттің Зоология кафедрасы жанынан зоологиялық мұражай ретінде ашылып, кейін 1949 жылы факультеттің биологиялық мұражайы болып қайта құрылды.

1938 жылы ҚазҰУ-да Ғылыми кеңес құрылып, алғашқы аспиранттарын қабылдады. Мұражайда білім ордасының алғашқы аспиранты Т.Мәсеновтің де фотосуреті шығарылып, сөреге қойылған. Төлеген Мәсенов кейіннен ҚР ҰҒА академигі, Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері атанды.

Сөрелердің артында тақырыптық коллаждар бар. Коллаждар сөрелердің мағынасын ашып, толықтыру үшін жасалған. Бұл жерге қойылмай қалған экспонаттардың бір парасын осы коллаждардан көруге болады.

– Жалпы, біздің мұражай Қазақстандағы ЖОО-лар ішіндегі аумағы жағынан да,

ішіндегі қор жағынан да өте жақсы жабдықталған мұражай. Сондықтан да біздің университеттің музейіне баға жетпейді. Мұражайда 2008 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Бір байқағанымы, осында келген қонақтардың барлығы дерлік таңданыстарын жасырмайды. Себебі құрылымы, экспозицияның көрсетілуі және оның тарихи құндылықтары, өткен ғасырдағы суреттердің сақталуы оларға қатты әсер етеді. Шетелден келген қонақтар «300 жылдық тарихы бар біздің университетте мынадай мұражай жоқ» деп жатады. Ал студенттер аралайтын болса, өздерінің білім алып жатқан университетіне сүйіспеншілікпен қарай отырып, оны мақтан тұтып, болашақта маман болған кезде де университет тарихын бойларына терең сіңіреді, – дейді мұражайдың бас маманы Ардақ Жүмекеқызы.

Алмабек ИБРАЙЫМОВ

Прошел почти год как не стало Жанар Яхияевны Аубакировой – доктор экономических наук, профессор, выдающийся ученый Казахстана. Последовательно пройдя периоды работы от ассистента, старшего преподавателя, доцента кафедры в вузах г. Алматы Жанар Яхияевна становится заведующей кафедрой экономической теории в КазНПУ им. Абая и в КазНУ им. Аль-Фараби. За годы преподавательской деятельности проявился и развился педагогический талант Жанар Яхияевны. Много сил и энергии она отдала подготовке высококвалифицированных кадров и развитию экономической науки в Казахстане.

## СВЕТЛАЯ ПАМЯТЬ ДОСТОЙНОМУ УЧЕНОМУ



Глубоко и всесторонне эрудированная, всегда открытая новым перспективам экономической теории, она в силу своего творческого таланта ученого и специалиста находилась на передовых рубежах своей науки. Жанар Яхияевна заслуженно получила звание профессора и одна из первых казахстанских ученых-экономистов поняла значение теоретических исследований в области региональной экономической интеграции, интеграционного сотрудничества в противостоянии современным вызовам в области экономической политики и глобализации.

Сочетая организационную работу с научно-педагогической деятельностью, Ж.Я. Аубакирова активно участвовала в подготовке научных трудов, учебников и учебных пособий, как на русском, так и на казахском языках. Из-под ее пера вышли монографические работы, посвященные проблемам экономической теории и современному образованию. За годы своей деятельности она выпустила целую плеяду докторов и кандидатов экономических наук, докторов PhD и магистрантов. Ею опубликованы более 20 учебников и монографий, сотни статей в стране и за рубежом.

Внутреннее благородство, интеллигентность, доброта и порядочность снискали Жанар Яхияевне глубочайшее уважение и искреннюю любовь со стороны студенчества и профессорско-преподавательского состава университета. Трудовая и общественная деятельность Жанар Яхияевны по заслугам оценена Министерством образования РК, КазНУ им. Аль-Фараби. Профессора Аубакирову Ж.Я. знали и помнят во многих регионах Казахстана, в ближнем и дальнем зарубежье. Все знали и уважали ее как разносторонне талантливого, человека, обладавшего душевной теплотой и большим творческим дарованием. Всю свою трудовую деятельность Жанар Яхияевна беззаветно посвятила себя преподаванию и научной деятельности в системе высшего экономического образования. Светлая, незабываемая память достойному ученому, преподавателю, доброму человеку.

Г.А.САДЫХАНОВА,  
заведующая кафедрой «Экономика»  
КазНУ им. Аль-Фараби

А.Б.АЙТБЕМБЕТОВА  
д.э.н., профессор кафедры «Бизнес-технологии» ВШЭиБ  
КазНУ им. Аль-Фараби

## ПОЗДРАВЛЯЕМ!

Ученому и педагогу, профессору КазНУ им. Аль-Фараби Казбекову Бекету Кабдуловичу исполнилось 75 лет.

## ПОРТРЕТ ЮБИЛЯРА



казахско-китайской нефтегазодобывающей компании «МангыстауМунайГаз».

Б.Казбеков благодаря незаурядным деловым и личным качествам, целеустремленности и потрясающей работоспособности состоялся как крупный ученый, внес значимый вклад в развитие перспективных направлений экономики. Результаты его трудов востребованы не только в Казахстане, но и в ближнем и дальнем зарубежье. Отечественные и зарубежные коллеги высоко ценят его научные труды, которые внесли вклад в Казахстанскую экономику. Б.Казбеков обучаясь в докторантуре МГУ им. М.Ломоносова, одновременно стажировался в Институте Нархоз прогнозирования РАН. На Ученом совете Института востоко-

оценки и принятия решений. Под научным руководством Бекета Кабдуловича разработаны проекты Национальной программы государственной поддержки. Он выиграл конкурс по гос. закупкам в АО «Самрук-Казына» на разработку в 2018-2022 гг. проекта «Механизмы логистического управления устойчивым развитием международной

ведения РАН (г.Москва) успешно защитил докторскую диссертацию на тему: «Интеграция Казахстана в мировую экономику в условиях глобализации и регионализации». С 2005 г. академик МЭАЕ, с 2007 г. академик АЕН, с 2009 г. академик КазНАЕН. С 2013 г. являлся международным экспертом по «Экономическим наукам и менеджменту» Международной Академии Наук и Высшего Образования (Лондон, Великобритания). Постоянный участник Московского Экономического Форума.

Поздравляем Бекета Кабдуловича с 75-летием, желаем здоровья, успехов и удачи в его многогранной деятельности во благо нашей страны.

У.К.ШЕДЕНОВ  
д.э.н., профессор,

З.Б.АХМЕТОВА,  
к.э.н., ассоциированный профессор,  
зав. кафедрой «Бизнес-технологии» ВШЭиБ

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ

Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ

Тілшілер: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ, Қайыржан ТӨРЕЖАН, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ, Кәмила ДҮЙСЕН, Алмабек ИБРАЙЫМОВ

Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ

Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

## МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №302, 304 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: [kaznugazeta@gmail.com](mailto:kaznugazeta@gmail.com)

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.